

2008 жылғы 16 қазандағы N 79 "Шалқар ауданы аймағындағы ауылдық жерлерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек мөлшерін белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 сәуірдегі N 120 шешімі. Ақтөбе облысының Шалқар аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 13 мамырда N 3-13-106 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 20 сәуірдегі № 203 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2010.04.20 № 203 шешімімен.*

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 66 "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 5 тармағына сәйкес аудандық мәслихат

**Ш Е Ш І М** **Е Т Е Д І :**

1. Аудандық мәслихаттың Шалқар аудандық әділет басқармасында 2008 жылғы 30 қазандағы N 3-13-87 санымен тіркелген, 2008 жылғы 26 қарашадағы "Шалқар" газетінің N 47 (8037) санымен жарияланған N 79 шешіміне, Шалқар аудандық әділет басқармасында 2009 жылғы 16 ақпандағы N 3-13-98 санымен тіркелген, 2009 жылғы 25 ақпандағы "Шалқар" газетінің N 9 (8051) санымен жарияланған N 104 шешімімен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2. Шешімнің 2 тармағындағы сөздерден кейін "және 2009-2010 жылдардағы жылу маусымы уақытында төленсін" деген сөздермен толықтырылсын.

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күн мерзім өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
З.Жолекенов

Аудандық мәслихат  
хатшысы  
С.Тулемисов